



БҰЙРЫҚ

18 ақпан 2015 жж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *183*

город Астана

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық
жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының
жарғысына өзгерістер енгізу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 01-3-09-3/286-И ұсынымының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2012 жылғы 17 қыркүйектегі № 922 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Кәсіпорын) жарғысына қоса беріліп отырған өзгерістер бекітілсін.
2. Кәсіпорын заңнамада белгіленген тәртіппен әділет органдарын Жарғының редакциясы өзгергені туралы хабардар етсін.
3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Э. Өтепов